

Темір ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2019 жылғы 20 қыркүйектегі № 371 қаулысы және Ақтөбе облыстық мәслихатының 2019 жылғы 20 қыркүйектегі № 459 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 25 қыркүйекте № 6390 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11-бабының 2), 3) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1-тармағының 4) тармақшасына және 27-бабының 2-тармағына сәйкес және Темір ауданының өкілді және атқарушы органдарының ұсыныстарын ескере отырып, Ақтөбе облысы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Ақтөбе облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған № 1 схемалық картаға сәйкес, Шұбарқұдық ауылдық округінің шекаралары, оның құрамынан жалпы көлемі 8320 гектар аумақты, соның ішінде Шұбарқұдық ауылын және Жақсымай бекетін шығара отырып өзгертілсін.

Жалпы көлемі 24640 гектар Шұбарқұдық ауылдық округінің шекаралары белгіленсін.

2. Шығырлы ауылдық округі таратылсын.

3. Қоса беріліп отырған № 2 схемалық картаға сәйкес, Ақсай ауылдық округінің шекаралары, оның құрамынан жалпы көлемі 41024 гектар аумағы шығарылып және оның құрамына таратылатын Шығырлы ауылдық округінің жалпы көлемі 88076 гектар аумағын, соның ішінде жалпы көлемі 8504 гектар Шығырлы ауылын, жалпы көлемі 3893 гектар Бірлік ауылын және жалпы көлемі 4209 гектар Ащысай ауылын қоса отырып өзгертілсін.

Жалпы көлемі 157958 гектар Ақсай ауылдық округінің шекаралары белгіленсін.

4. Қоса беріліп отырған № 3 схемалық картаға сәйкес, әкімшілік орталығы Шұбарқұдық ауылы болып, оның құрамына жалпы көлемі 49344 гектар аумақты, соның ішінде Ақсай ауылдық округінің құрамынан шығарылған жалпы көлемі 41024 гектар аумақты, жалпы көлемі 4160 гектар Шұбарқұдық ауылын және жалпы көлемі 4160 гектар Жақсымай бекетін қоса отырып, Жақсымай ауылдық округі құрылсын.

5. "Ақтөбе облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" және "Ақтөбе облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемелері Темір ауданы әкімдігімен бірлесе отырып, жаңадан құрылған әкімшілік-аумақтық бірліктерді

ұстауды жоспарлау және қаржыландыру мәселелерін шешсін және осы бірлескен әкімдіктің қаулысынан және мәслихаттың шешімінен туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. "Ақтөбе облысының статистика департаменті" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) облыстың әкімшілік-аумақтық бірліктерінің есептік деректеріне тиісті өзгерістер енгізісін.

7. "Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі жер-кадастр құжаттамаларын Темір ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысында жасалған өзгерістермен сәйкестендірсін.

8. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысының және мәслихаттың шешімінің орындалуын бақылау облыс әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

9. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысы және мәслихаттың шешімі алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Облыстық мәслихатының хатшысы

Облыстық мәслихатының сессия төрағасы

О. ОРАЗАЛИН

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА

А. БОЛАТОВ

Шұбарқұдық ауылдық округі әкімшілік аумағының бөлінісі туралы

СЫЗБА №1

СХЕМА №1

раздел административной территории Шубаркудыкского сельского округа

Маштаб 1:250 000

Темір ауданының әкімі Ж.Н.Қалмағанбетов

Аким Темирского района

Темір аудандық

маслихатының хатшысы

Б.О.Ізбасов

Секретарь маслихата Темирского района



■ Шұбарқұдық ауылдық округінің шекарасы – 24 640 га
оның ішінде :
елді мекенге бекітілгені:
1.Шұбарқұдық кенті – 24 640 га
граница Шубаркудыкского сельского округа – 24 640 га
в том числе:
закреплено за населенным пунктом:
1.поселок Шубаркудык – 24 640 га

■ Шұбарқұдық ауылдық округінің құрамынан шығарылған аумақ – 8 320 гектар
Территория выделенная из состава Шубаркудыкского сельского округа – 8320 гектар

Ақсай және Шығырлы ауылдық округі әкімшілік аумақтарының бірігуі туралы

СЫЗБА №2

СХЕМА №2

Объединение административных территорий Аксайского и Шыгырлийского сельских округов

Маштаб 1:250 000

Темір ауданының әкімі _____ Ж.Н.Қалмағанбетов

Аким Темирского района

Темір аудандық

маслихатының хатшысы _____ Б.О.Ізбасов

Секретарь маслихата Темирского района



■ Аксай ауылдық округінің шекарасы – 157 958 га
оның ішінде : елді мекендерге бекітілгені:
1.Ақсай ауылы – 21 903,98 га
2.Шығырлы ауылы – 8 504 га
3.Бірлік ауылы – 3 893 га
4.Ашысай – 4 209 га
граница Аксайского сельского округа – 157 958 га
в том числе: закреплено
за населенными пунктами:
1.село Аксай – 21 903,98 га
2.село Шыгырлы – 8 504га
3.село Бирлик – 3 893 га
4.село Ашысай – 4 209 га

■ Шығырлы ауылдық округінің аумағы – 88076 га
Территория Шыгырлийского сельского
округа – 88 076 га

■ Аксай ауылдық округінің құрамынан
шығарылған аумақ – 41 024 га
Территория выделенная из состава Аксайского
сельского округа – 41 024 га

Жаксымай ауылдық округі әкімшілік аумағының құрылысы туралы

СЫЗБА №3

СХЕМА №3

Образование административной территории Жаксымайского сельского округа

Маштаб 1:250 000

Темір ауданының әкімі Ж.Н.Қалмағанбетов

Аким Темирского района

Темір аудандық

мәслихатының хатшысы Б.О.Ізбасов

Секретарь мажлисата Темирского района



- Жаксымай ауылдық округінің шекарасы – 49344 га
оның ішінде :
- Аксай ауылдық округінің құрамынан шығарылған аумақ - 41024 га
елді мекендерге бекітілгені:
 - 1.Жаксымай ауылы – 4 160 га
 - 2.Шубарқұдық ауылы – 4 160 га
- граница Жаксымайского сельского округа – 49344 га
в том числе:
- территория выделенная из состава Аксайского сельского округа – 41024 га
закреплено за населенными пунктами:
 - 1.село Жаксымай – 4 160 га
 - 2.село Шубарқұдық – 4 160 га

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК